


Бір жылды түгесіп, келер жылға қадам басқан баршамызға Жаратқан Ие жұмсақ қысты нәсіп етпей-ақ. Мінезді әкенің кейпіндегі ашулы қыстың қоқайын бүгін ғана көріп жүргеміз жоқ. «Қыс жаманы кетер-ау, адам жаманы болмаса» деп отырар еді үлкендер. Оның мәнісін өз басым енді-енді ұға бастағандаймын. Түпкірде жатып алмай қалаға да ат ізін саламын. Елеусіз жазбагерді ешкім де іздей қоймайды. Өзім талаптанамын. Біраз жыл ауылда бала оқыттым. Қалам ұстайтын әдетім және бар. Сол қызметімді бетке ұстап университет студенттерімен жүздесіп, дәріс оқыған едім. Сол дәрісті сіздерге жолдап отырмын. Дәріске ел өмірінде болып жатқан жаңалықтарды тіркеуді мақсат етпедім. Сол оқылған қалпында өзгертпей ұсынып отырмын. Мәтінде саясатқа негізделген «қызыл» сөз жоқ. Алдыңғы буынның жүріп өткен жолдарын жас буынға әңгімелеп беруді мақсат еттім. Әдебиет пен өнер, туған тіліміздің бүгінгі мен ертеңіне, ұлт келешегіне алаңдаған артық-ауыс ойларыма газет оқырмандары түсіністікпен қарар деген сенімдемін

Автор.



## САҒЫМДЫ ДАЛА, САҒЫНШТЫ ҒҰМЫР

### 1. Бақытты балалық шаққа не жетеді

Мен сіздерді сағынып келдім. Жалған тіршіліктің тал түсі бесінге ауыл, одан намаздыгерге құлдилап, батаре күнге бет алғанда, көрінің орынсыз өзеуреп кие-жарып алға тырмысқаны ерсі жағдай. Әйткенмен де шал-шауқанды бір ауық елеп ескерген де жөн. Халық, ұғымында бар сөз: «Кәрісі қадірсіз қауымның адамдары арсыз келеді.» Пенденің ұзына ғұмыры сағыныштан, бірдеңені аңсап армандаудан, қиялаудан құралып, ғұмыр - тіршіліктің қозғаушы күшіне айналғанда кім-кімге де қанат бітіретін құдіретке айналады. Армансыз адам - қанатсыз құс есепті. Армандаудың өзегінде өмірге құштарлық бар. Алғы күндерге деген құлшыныс - арманның қозғаушы күшіне айналып, сені нар тәукеге бастайды. Қапелімде бойыңа төтеннен күш қосылып сөзсіз өлермендікпен кимелеп алға тырысып қайтпауың керек деген беттен.

Өмір-күрес делінетіні содан. Күрессіз ғұмыр былқыл-сылқылы көп, былжырағы жүрек айныпатын, кісіні жиі-жиі түңіліске душар етіп жігерін құм қылатын қара қабақ салқын күздей иығыңа су кетіріп еңсеңді еседі де жүреді. Сүрініс пен жығылыс және жиілеп тауың шағылады, талабың мұқалады, Өзегі қуыс пендеге бір-ақ рет берілетін ғұмырды әншейін бір «ойын алаңы» деп біліп мақсатсыз ғұмыр кешу - өкінішке ұрындыратын жағдай.

Біз де бала болдық, жас болдық. Қияндағы қойлы ауылдың қоңырқай тіршілігі менің қатарымды қиялдауға, армандауға бейімеді. Қаршадайымнан кісі

мен астындағы мінген аты, алдына салған отары, басына киген түлкі тымағы, қолындағы тобылғы сапты қамшысы, соңына ерткен тазысымен бірлікте алып, толайым тұтас күйде сағынар едім. Балалық шағымның күсі табиғаттың жанды бейнесі әкем сияқтанатын. Арқаның жаттаған таулары мен шомбал жартастары, сұлу шоқылары менің көзіме әкем боп шалынатын. Содан да өлеңге ентелегенде: «Туған жер әр тұп көдең қымбат маған, қайнарың қыз күлкілі жыр жаттаған, кең жайлау ғашықтардың саябағы, жүрекке махаббатты құнақтаған,-деп бір өтіп, табиғат дарқандығын әкем мен шешеме ұқсатар едім. «Тауларың қазағымның қара шалы, жақтырмай қабақ түйген аласаны. кең дала берекелі мол дастархан, май сіңген анашымның алақаны». Жасыруға болмайды, балаға әкеден де шеше жақын тұрады. Шешем менің отыз жасымда озды өмірден. Анамды күні бүгін ұмыта алмаймын. Ауық ауық оған жыр арнаймын. «Балаңның сипап айдарын, желбіреп желмен байламың, көз алдымнан кетпейді-ау, өреге құртты жайғаның. Кім аңсамас өткенін, кім сағынбас көктемін, жарастықты еді-ау анашым, шүйкелеп шылбыр ескенің, сықпаға сықап ұртымды, талмаушы едім құртыңды, зар болып сынық малтаға, өзіңді жоқтап күрсіндім».

Есейіп оң - солмызды тани бастағанда еңбекке араластық. Жаздың үш айында көк иық боп шөп айырлайтынбыз. Қозы бағып қой қырқатынбыз. Әке мен шешеміз де бейнеттен көз ашпайды, сөйте тұра сол бір қарбаласты тіршілікте-

Улкендердің бейнетке мойымайтын жансебілдігіне таң қалатынбыз. Әке-шешелеріміздің ауырға иық тосқыш жансебілдігі біздің буынға жұғысты болды. Содан жамандық көрген жеріміз жоқ. Қабырғамыз қатаймай жатып шөп айырладық. Қозы бағып, қой қырықтық. Қи ойдық. Жасыратын не бар, үлкен де кіші де орта құрсақ жүретін. «Кісі қайғысыз ішкен қара суға да семіреді» деген ғой. Бірақ біздің буынды да замана зобалаңы шарпыды емес пе. Соғыстан кейінгі бейбіт кезеңде де халықтың қабағы ашыла қойған жоқ. Екінің бірі жесір, екінің бірі жетім. Майдан даласынан қайтпай қалған жарын жоқтаған қаралы жесірлердің сұңқылы жүрегімізді жеп тастайтын еді. Әкесіз жетім өскен балалардың мұңайыңқы момын кейпіне көзіміз түскенде, оларды іштей аяп және жұқарар едік. Содан да біздің буын ойшыл боп жетілді.

Бала күнгі көргендеріміз көңілге мұң үйіріп, көзге жас келтірер еді. Өзгені қайдам, өз басым күні бүгін мұңға бейім тұрамын. Замана мұңы санаға ертерек орнап, ауыр жылдардың қасіретіне қанығып өскен шер көкірек біздер мейірімге шөлдегіш боп өстік. Әке-шешемнің қатарлары шетінен балажан келетін. Өз баласынан да бұрын кісі баласына төгетін мейірімін. Қарағым-шырағымдап тұратын. Әсіресе аналардың жүрегі жұмсақ еді. Апа жеңгелеріміз де бізді көргенде балажан тұсақтай мекіреніп тұратын. Осыдан кейін жүрек жұмсармағанда қайтеді. Біздің буынның шетінен ақын жанды келетіні содан да шығар-ау.

үйінде инернатта жатып оқыған, өзгені қайдам, мені сағыныш пен мұң есейтті. Есейткені сол- ішімді кеулеген жылымшы мұң сағынышымды түрткенде жан дүнием иесіз үйдей азынап сала береді де, аңыраған үнмен алыстағы ауылымды, әкем мен шешемді, бес қанат қоңырқай мізді қара қазанға сұғынатын шешемнің тұтқышы мен қырғышына дейін

көз алдыма келіп, мұңымды өршітіп жіберер еді.

Біздер, қойлы ауылдың балалары әке-шешеміз бола тұра тірі жетім өстік. Әкесіз балалар қаншама. Жесір аналар мен жетім балалардың мұңы бізге қарағанда тым ауырлау келетін еді. Соны ет жүрегіммен сезінген менің ішіме мұң ертерек түсті. Шешем аурушаң болатын. Сонау ерте күзден қыс тоқсанын өткіріп, көктемді аяқтай бере үй қарасын бірақ көретін менің тоғыз ай бойындағы ішітисымды кеулеп шыдатпайтын сағыныштан да бұрын апам (шешем) өліп қалмаса екен деген уайымның жегісі кіп-кішкене жүрегімді мытып-мытып жібергенде көзімнен жас ырышып-ырышып кетер еді. Оқу жылын аяқтап тұған үйіне оралу тілмен айтып жеткізбестей ең бақытты сәт еді-ау шіркін! Менің келе жатқанымды біліп алған шешем ақ жаулығы ағараңдап алдымнан тосып тұрар еді. Аңыраған даусы құлағымға жеткен сәтте ұзақ айлар мен күндерді анамды зарыға сағынумен өткерген мені қапелімде бір сағынышты сезім еңсеріп басымнан өткерген қапалы мұңды шешеме еңіреген егіліспен жеткізуге асығар едім. Анамның жып-жылы құшағына көміліп оның өзіме етене саумалдай бұрқыраған ісіне тұшынған сәттегі көңіл толқынысымды тілмен айтып жеткізе алмаймын. Енесімнен зарығып табысқан ашқарақ қозыдай қоймай-қоймай түртініп анамның болбырақ босаң емшегіне тұмсығымды жұғыстырғандағы тұшынысым сарылған айлар мен күндердегі сағыныш азабын сәтте ұмыттырып, бір момақан тыншу сәттің тербелісінде жаң рахатын сезінер едім. Шешемнің қандай сезімде болғанын айтып бере алмаймын. Неше қилы айналыс пен толғаныстың қайсы бірін ұстап қаларсың. Әкеме деген сағынышым бөлекше болатын. Оны

ріне ризалық танытқан тоқмейілдікпен қабақ шытпайтыны сәбилік санадағы біздерге дем беріп алғы күндерге құлшындырар еді. Сөйткенмен де әкешешелеріміздің қабағында көлеңке жүретін. Шешем байғұс жылауық еді. Төркін жұртымен жүздескенде дауыс қойып аңырап-аңырап алатын. Қайдағы-жайдағыны айтып ұзындата созғанда шайдай алмай кетемін де көзіме ерік беремін. Кейін есейе келе шешемнің жылауықтығына сын айт-қанда: «Балам-ау, біз не көрмедік. Бес балам мен күйеуім тау арасында аштан өлді. Сенің әкең қосылып қос ұл тапқан едім. Колхоз жұмысынан көк иық боп жүргенімізде күтімсіздіктің салдарынан бірінен соң бірі шетінеп кетіп содан зарықтырып сен тудың. Сенің тірлігіңді ойлаумен-ақ күндіз күлкім сұйылып, түнде ұйқым бөлініп, алпысқа жетпей бетімді әжім торлап нұсқындымды кетіріп алғанымды көрмеймісің?» дегенде, не айтарымды біпмей іштей қазылып жайым кететін. Әкемнің жылағанын көрген емеспін. Қой соңында жүргенде аздап «мырсылдап» алатыны бар. Себебісіз жыламайды. Атасу мен Шажағай өзенін кезек жайлайтынбыз. Атасу бойы толған тас қорым болатын. Болмашы тас үйіндісінен адам сүйегі ағараңдайтын еді. Шашылып жатқан сүйектерді балалық аңғалдықпен ұстап көретімін. Тас орнына лақтырып қойдың алдын қайыратынмын. Әкем сол ағарған сүйектерді топыраққа көмгіштеп жататын. Шашылып қалған адам сүйектері ши арасында бырдай болып жататын еді. Әкем кейде қойдан көзі қызарып оралатын. Шешем екеуі күңкілдесіп отырғанда, атамның көзі не себептен қызарғанын біліп қоятынмын. Ши арасында қалың сүйектерге кез болып, соны топыраққа жасырған екен. Біздің бала кезімізде «отыз екінің аштығы» айтылмайтын. Біреумен біреу жүз шайысып қалғанда: «ит етін жеген әкеңнің... тышқан етін жеген әкеңнің» деп боқтасып жатар еді. «Кісі етін жеген» дегенді де кірістіріп жіберетін. Сондай-сондай қызыл қырғын қырып сал заманның зобалаңын бастарынан өткерген әке-шешелеріміздің қабағындағы көлеңке бала болсақ та бізге де ауысып еді.

Ал өнер ше? Қияндағы қойлы ауылда өскен біздер қой күзеткен шешелеріміз бен жеңгелерімізге қарыздармыз. Қойды еріккеннен күзетпейді қасқыр қатты. Қызыліңірден сызылған сұлу үнге елтіп түн жарымына дейін көз ілмейтін әдетім бар -тын. Мақтанды демеңіздер, сонда мен бар болғаны он екі, он үште ғанамын. Манамайдың Сарасы мен Кемалың Сарасы екеуі де суырылған әнші болатын. Әсіресе, Манамайдың Сарасы ілкімді еді. Әубәкір қожаның Төлеуі де ән салудан жалықпайды. «Өлең деген немене біпген құлға, ақ теңгесін кім қимас алар пұлға, оралыңның барында ойна да күл, өлгеннен соң адыра қалар бұл да. Ахау идай, мереке іздегенге табылдымай».

Оңаша отырыста әкемді қыстайтын едім. «Қара өлеңді» түйдегімен төгілдіретін-ді. «Жылқым жүзге жеткенде қуанамын, еңкейіп шыны аяқпен су аламын, сен есімде түскенде сүйген қалқа, қолыңда асасы жоқ дуанамын»,-деп әнге басады. Шешем де қара жаяу емеспін. Диірмен тартып отырып сызылтатын қара өлеңді. «Ойласаң көрген ғұмыр жаз бен қыстай, түрленген қайран күнім тоты құстай, тіршілікте құрбыңмен сыйласып өт, қалармыз әр төбеде қосылыспай». Мұқажан қожа деген жыршы болды ауылда. «Наурызбай-Қаншайым қысасын жырлағанда тіке сүйегіңнен өткізетін. Жылқышы Тоқпан соқыр «Сәтбек батыр» дастанына басар еді Үлкендер көздерінен жас төгілдіріп отыратын жырды тыңдағанда.

Жарық жалғанға келген әр адам өмір мектебінен өтуге тиісті. Өмір мектебі сені ақын бол, жазушы бол деп қолыңа қалам ұстатпайды. Жоғарғы оқу орнын (КарПИ-ді) сырттай оқып бітірген менің шындап келгенде әдебиеттен жүйелі түрде алған білімім де жоқ. Әдеби ортадан жырақта ғұмыр бойы ауылда тұрып келемін. Сөйте тұра, мені әдебиетке құлшындырған ненің құдіреті? Сіздердің алдарыңызға кеп бір-екі ауыз сөз сөйлегенде айтайын дегейм не? Әдебиетте құн, жазарманда бедел қалмай бара жатқан безерген бетсіз заманда «кереметтей жазушымын» деп кімді еліктіргендейсің. Жалған мақтан әсіре даурықпадан ығыр болған бүгінгілер сенің лепірме сөзіңе

еліге қоймайды. Хабар - о шар тас қынына (ақпарат үдерісі) тап болған санада бос орын жоқ. Бүгінгілерді милау деп те, мигұла деп те жазғыра алмайсың. Бұларыңның білмейтіні жоқ. Ғаламтор желісінде бәрі-бәрі тайға таңба басқандай ап-айқын бадырайып тұр. Сенің жылымшы жайдақ «ертегіңді» қайтсін, бүгінгінің «компьютер басты» білгірлері. Бүгінгі санада салғырттық басым десек, екі-үшты пікір боп шығады. Жітілік, ой шапшаңдығы, қиял ұшқырлығы, тапқырлық пен танымның ауқымдылығы бүгінгілердің шаппай бер алымдылығына дәлел. Сөйте тұра, мазасыз заманның жоғарғы санадағы үлкен-кішісінің рухани қайнардың тұнығынан жеркөніп жеріне бастағанын көріп отырмыз. Ұлттық қайнардың бастау көзі енді-енді ашыла бастағанда, жаһандау дегенді желеулеп соған жаппай бейімделген жас буынның беталысынан іш жиясың. Жаһандануға тосқауыл жоқ дегенді әсіре білімпаздар жерден жеті қоян тапқандай «сүйіншілеп-ақ» жатыр. Жаһанданудың кереметі сол-оның тойымсыз құлқынына сенің болмашы рухани сілкінісің, енді-енді қанат жая бастаған ұлттық дәстүр-салтың жұғын да болмайды. Оның ындыны түпсіз. Тіліңді күрмеу былай тұрсын-түп орнымен жұлып тастауға бар. Салт-дәстүріңді тау суының ағысындай құла тасқынымен бір-ақ шайып әкетеді. Сонда жаһанданудың екпініне шыдас беретін нең қалады? Тілің мен дәстүр-салтыңды әлден-ақ еңсеріп барады. Халықтық салт-дәстүр тоқ-шоудың дабыра-даңғазасы. Әнің мен күйің, жырың ше? Әдебиетің мен мәдениетің ше? Ұлттық мінезің ше? Ата-бабадан үзілмей келе жатқан әдеп-ибаң ше? Ұятың мен намысыңды қайда қоясың? Үлкеніңді құдайдай көретін, ата мен ананың бетіне шіркеу келтірмейтін адал тұған ұл, ибалы келін, мейірімді қыз бар ма осы күні? Бар ғой бар, жоқ десек күпіршілік болар еді. Осының бәрінен де ананың ішінен шыққан баласына деген мейірімсіздігі, қатыгез тасжүректігі іш жидыратын келеңсіздік. Біздің халық балажан келеді. Ұрпақ үшін жан қиған ұлтпыз. Сонау соғыстан кейінгі елуінші жылдарда ұрпақ жалғастығы үшін ел ішінде не

раткерінің бейнесі төбе көрсетсе не дейсің. Соның бәрі ұмыт бүгінде. Тәуелсіздіктің арқасы деп білуіміз керек

Тәуелсіздік - мәңгілік тұғырымыз. Көшбасшымыз кемел ойлы көреген кісі. Елбасы алысты болжайтын дана қайраткер. Ақылды да кемеңгер президенті бар біз бақытты халықпыз.

Советтер Одағы делінген мемлекеттің ақ пен қарасына баға беру менің міндетіме жатпайды. Маркс негіздеп Ленин жүзеге асырған социалистік құрылыс көктен түскен жоқ. Социализмнің басты шарттары мен адам сүйгіш қағидалары қазақ халқының жүріп өткен жолдарында да сақталып келген. Ата-бабаларымыз «далалық социализмді» ұстанған болатын. Ұлан байтақ сахарда, табиғаты қатал өңірде мал малданып, жан жандану оңайға түспеген. Халықтың құрсағы кең. Сол кең құрсақтан шыққан ақылмандар мен данагөйлер далалық социализмнің шарттарын білгірлікпен жүйелеп заңдастырған болатын. Бабаларымыз ұстанған далалық социализмнің негізгі шарттарының бірі- өле жегенше бөле же. Жесіріңді қаңғытпа, жетіміңді есірке. Қонақ келсе қол құсыр, төрге шығар. Қойыңды сойып, қонақасы бер. Соңына ерткен тазысын, қолына , қондырған бүркітін де сыбағасыз тастама. Осы тәртіпке бағынбағандар үлкендер тарапынан ат-шапан айыпқа бұйырылады. Үйде қонақ жатқанда әйелімен шарифатқа келіп қойғаны үшін де жаза кесіледі. Қонақты қондырмай жібергендер билер талқысына түседі. Малдың сүмесі ақты бұлдама. Қымыз-көптің асы. Өлікті жөнелтуге асық, қызды ұзатуға асық. Қосты тонама. Қырықтың бірі қыдыр. Көлденең кезіккен көк аттылыны сыбағадан құр тастама.

Үйін дауыл құлатып кеткен кедейге асар жасап қолғабыс көрсететін кім? Астындағы атын жолдасына түсіп беретін мәрт жігіттерді қайда қоямыз? Қыз намысы ел намысы деп білек сыбанған ағалар қайда жүр? Халық сараңдықты да талқыға салған. Шық бермес Шығайбай атандырған. Соның жұқанасын біздің буын да көріп өсті.

Тоталитарлық режим ұлттық үрдісті халық санасынан біржолата өшіре алма-

бір аянышты жағдайлар болып жатты. Қалам алды шығармам «Ақжамал» хикаясында сол кезеңнің шындығын бейнелеген едім. Күйеуі соғыстан оралмаған Ақжамал (хикаят кейіпкері) мұңлық ерінің үзеңгілесі болған Нұрманға тал бойын тастайды. Жесір келіншек бала көтереді. Арыстай ұлға талас басталады Менің күйеуімнен тапқансың бұл баланы дел Нәзипа шығады белсеніп. Үлкендердің араласуымен баланы өгей шеше бауырына салады. Өмірдегі болған шындық осы еді. Коммунистік моралға сай келмейді деген сыншылдардың ескертпесін есепке алып, оқиғаны жұмсартып бас кейіпкерім Ақжамал өз еркімен сабиін сыйлас құрбысына тастап кетті деп шығарманы қолдан иіп шыққан едім. Бүгінгі жағдайға сидырғанда бұл мораль түкке тұрмайды. Бүгінде тұрмыс қыстаған аналар перзентін жасырын саудалайды. Аяғын ауырлатып алған жеңілтек жас шаранасын қоқыс жәшігіне тастай салғанды шығарды. Мейрімсіз мекерліктің зардабы жұқпалы індеттей бірден бірге таралып кетсе не болғаны? Нәрсе - қараны былай қойғанда, адам саудасы деген шықты. Айтуға ауыз бармайтын тән саудасын қайда қоясың. Ең қастерлі ұғым махаббат пен достық та саудаға түсе бастады. Бәрі-бәрін ақшаның ырқына жіберіп қол құсырып қарап отыруға бола ма? Атейістік қоғамда өмір сүрсек те біздер «құдай жоқты» бер жағымызбен ғана айтатын едік. Коммунистік моралдың негізінде «адам адамға дос» деген құран сөзі жататын еді. Әкелеріміз партия жолы түзу деп кетті. Коммунистік партия экономикадан да бұрын тәлім - тәрбиені алға шығарды. Содан да совет адамдары делінген біздің моралдік бейнеміз біршама таза болды. Сол насихаттың аясында «орыстану саясаты» пәрменді жүргізіліп жатты. Мысалды өзім тұрып жатқан бұрынғы Ақадыр ауданынан келтірсем де жеткілікті. Аудан орталығында үш орта мектеп, сегіз балабақша болды. Аудандық «Қазақ тілі» қоғамына жетекшілік еткен алғашқы кезде, бейнелеп айтқанда «мұзды сіреуге» тап болып дағдарғаным есімнен еш кетпейді. Сегіз балабақшадағы бір мың үш жүз бүлдіршіннің дені қазақ балалары бола тұра, түгелі-мен орыс тіліне бейімдейтін бағдарлама бойынша тәрбиеленіп жатты. Ойыншықтары талпақ танаудың нобайы. Балабақшаның бәрінде бірөңкей Пушкин мен Чайковскийдің портреттері сіресіп тұрған еді. Қазақтың бір де бір қай-

ды. Нәтижесін енді-енді көре бастадық. Көргеніміз осы боп тұр Орыстық социализм ойыншық боп қалды. Қазаққа тән «далалық социализм» көрген түстей санадан өшіп тынды. Сонда біз қай қоғауда өмір сүріп, қандай кезеңді бастан кешіріп жатырмыз? Өз басым осы сұраққа жауап іздегенде, өзім өмір сүрген кезеңді (1950-1990) көз алдымнан өткіземін. Әсіре деп жүрмеңіздер, көшпелі өмір салтын ұстанған бабаларымыздың күн көріс күйбеңі социалистік құрылыстың аясында жүріп жатты. Оған мен күәлік бере аламын. Мал бағуды өнерге балаған ата-баба тәлімін ұстанған әке-шешелеріміз қолхоз (ұжымдық шаруашылық) малын өз малым деп бақты. Біз де қаршадайымыздан малға жақын өстік. Қойдың қоңыр қозысы, құлдыраңдаған құлын, сүйкімді бота, ешкінің бөрте лағы - бәрі-бәрін жан тартып жар жағалай жүргізіптеп ойын салған қозы-лақтың алаңсыз момақан қылықтарына сүйсінер едік. Тай үйретіп тайлаққа міну бізден қапды. Өгізбен жарысқанымызды көріп қалған ферме бас-тықтың қаһарына ұшыраған күндер еске түскенде алыста қалған жылдарды ойлап әлі күнге шейін шала бүлінемін деп кімдерді сендіргендейсің? Қыстаудан жайлауға түйемен көшкеніміз әлі күнге көз алдымда. Түйеге артқан жүк ауа берген соң, арқанды келтеппен бұраулағанды да көзбен көрдік. Оны бұрау дейтінбіз. Келе-келе өгіз арбаға қол жетті. (Қорапты машинаға жүк артып көшкеніміз бертінде.) Жұрт жаңалағанда өгіз жүкті арбаға тиейтін-ді. Жаңа жұртқа кеп шаңырақ көтеріп, үй тіккендегі қарбаласта шешемнің жіті қимылына көз ілеспейтін еді. Мұншалықты шапшаң адамды әлі күнге кездестірген емеспін. Әкем шешемнен де жыпдам болатын. Көкарай шалғынға тігілген үйдің алды алаулап ошақтан түтін шапқығанда, тіршілік базарына жан бітіп төңірек дүбірге толып кетер еді. Қой-қозының бейбіт маңырағаны ән әуеніндей құлағыма жағымды шалынғанда, менің де балаң көңілімде елігу басталады. Ақбөкендер табыны іргелес жатады. Киіктерді көргенде көңілімді желік буады. Байтақ дала дүбірге толып табиғат ажары жібек кілемдей жайнап кетер еді, құлпырып түрленіп көз суырады.

**Жалғасы 7-ші бетте.**

Шет шұғыласы. - 2015. - 31 желтоқсан (№9). - 5 б.